






С.А. Ұзақбаева,¹  З.Т. Әбілова,^{1*}  Т.А. Кульгильдинова,¹ 
Р.М. Рысбекова,²  А.С. Саренова³ 

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Алматы Менеджмент университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ АНАЛИТИКАЛЫҚ-РЕФЛЕКСИВТІ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге даярлығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Бұл мәселе қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.






Мақаланың мақсаты: Болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге даярлығын арттыруда аналитикалық-рефлексивті тапсырмалардың рөлін айқындау, олардың құрылымдық компоненттерін сипаттау және оқу процесінде тиімді қолдану ерекшеліктерін ашып көрсету.

«Даярлық» және «кәсіби міндеттерді шешуге даярлық» ұғымдарын теориялық, практикалық және тұлғалық тұрғыдан талдау жасап, олардың мәні-мағынасына сипаттама беріледі. Ұғымдардың құрылымдық компоненттері (мысалы, білімдік, танымдық, мотивациялық, рефлексивтік т.б.) нақтыланады.

Педагогика курсының оқыту барысында қолданылатын аналитикалық-рефлексивті тапсырма түрлері қарастырылады. Аталған тапсырмалардың болашақ мұғалімдердің аналитикалық ойлау қабілеті мен рефлексивті дағдыларын дамытуға ықпалы көрсетіледі. Аудиовизуалды, мәтіндік-визуалды, таза визуалды тапсырмалардың тиімділігі сипатталады және олардың студенттердің кәсіби даярлық деңгейін арттырудағы рөлі мазмұндалады. Мақалада қолданылған тапсырмалардың типологиясы (түрлері, мазмұны) мен оларды оқу процесінде қолдану ерекшеліктері сипатталады.

Сонымен, мақалада болашақ мұғалімдерді кәсіби міндеттерді шешуге жан-жақты даярлауда қолданылатын әдістер мен тапсырмалардың теориялық және практикалық негіздемесі ұсынылады және олардың тиімділігі ғылыми түрде дәлелденеді.

Түйін сөздер: аналитикалық-рефлексивті тапсырмалар, болашақ педагогтар, кәсіби дайындық, педагогикалық міндеттер, даярлық.

Ұзақбаева С.А.,¹  Әбілова З.Т.,¹  Кульгильдинова Т.А.,¹ 
Рысбекова Р.М.,²  Саренова А.С.³ 

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г.Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

³Алматы Менеджмент университет, г.Алматы, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ АНАЛИТИКО-РЕФЛЕКСИВНЫХ ЗАДАНИЙ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования готовности будущих педагогов к решению профессиональных задач. Эта проблема является актуальной в современных условиях системы образования, поскольку направлена на повышение профессиональной компетентности будущего учителя.

Цель статьи — определить роль аналитико-рефлексивных заданий в повышении готовности будущих педагогов к решению профессиональных задач, охарактеризовать их структурные компоненты и раскрыть особенности их эффективного применения в учебном процессе.

Понятия «готовность» и «готовность к решению профессиональных задач» анализируются с теоретической, практической и личностной точек зрения, раскрывается их сущность. Дается анализ содержания этих понятий,

определяются их структурные компоненты (например, когнитивный, познавательный, мотивационный, рефлексивный и др.).

Рассматриваются виды аналитико-рефлексивных заданий, применяемых при обучении курсу педагогики. Показано, что эти задания способствуют развитию аналитического мышления и рефлексивных навыков у будущих педагогов. Освещена эффективность аудиовизуальных, текстово-визуальных и чисто визуальных заданий, а также их роль в повышении уровня профессиональной подготовки студентов.

В статье описываются типология (виды, содержание) использованных заданий и особенности их применения в учебном процессе.

Таким образом, в статье предлагается теоретическое и практическое обоснование методов и заданий, направленных на всестороннюю подготовку будущих учителей к решению профессиональных задач, и научно доказываемая их эффективность.

Ключевые слова: аналитико-рефлексивные задания, будущие педагоги, профессиональная подготовка, педагогические задачи, готовность.

Uzakbayeva S.,¹ Abilova Z.,^{1*} Kulgildinova T.,¹

Rysbekova R.,² Sarenova A.³

¹*Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

³*Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan*

THE IMPORTANCE OF ANALYTICAL-REFLECTIVE TASKS IN ENHANCING THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article examines the issue of developing future teachers' readiness to solve professional tasks. This issue is highly relevant in the modern education system, as it is aimed at enhancing the professional competence of prospective educators.

The aim of the article is to determine the role of analytical-reflexive tasks in increasing future teachers' readiness to address professional challenges, to characterize their structural components, and to reveal the features of their effective implementation in the educational process.

The concepts of "readiness" and "readiness to solve professional tasks" are analyzed from theoretical, practical, and personal perspectives, with their essence revealed. The content of these concepts is analyzed, and their structural components are identified (e.g., cognitive, intellectual, motivational, reflexive, etc.).

The article explores the types of analytical-reflexive tasks used in the study of pedagogy. It is shown that these tasks contribute to the development of analytical thinking and reflexive skills in future educators. The effectiveness of audiovisual, text-visual, and purely visual tasks, as well as their role in enhancing students' professional training, is highlighted.

The article describes the typology (types, content) of the tasks used and the specific features of their application in the educational process.

Thus, the article provides theoretical and practical justification for the methods and tasks aimed at the comprehensive preparation of future teachers to solve professional challenges and scientifically proves their effectiveness.

Keywords: analytical-reflexive tasks, future teachers, professional training, pedagogical tasks, readiness.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі білім беруші ғана емес, сонымен қатар зерттеуші, сарапшы, рефлексивті практик ретінде қалыптасып келеді. ХХІ ғасырдың талабына сай, болашақ педагогтар тек пәндік біліммен ғана шектелмей, кәсіби ойлау қабілеті жоғары, өз әрекетіне терең талдау жасап, үнемі өзін жетілдіруге дайын болуы тиіс. Бұл бағытта аналитикалық-рефлексивті тапсырмаларды оқу үдерісіне енгізу – болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын тереңдетудің тиімді жолдарының бірі болып саналады.

Аналитикалық-рефлексивті тапсырмалар студенттің ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, оның өз тәжірибесіне сыни көзбен қарауын, шешім қабылдауда дәлелді пікір айтуын, педагогикалық жағдаяттарды сараптап, өзіндік қорытынды шығара білуін қалыптастырады. Бұл – болашақ ұстаздың кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін арттырып, оқу-тәрбие үдерісінде кездесетін күрделі жағдайларда икемділік пен бейімделгіштік танытуына ықпал етеді.

Сондықтан аналитикалық және рефлексивті тапсырмаларды жүйелі қолдану – педагогикалық білім беруді жаңғыртудың маңызды бөлігі ретінде зерттелуге лайықты өзекті мәселе болып табылады.

Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі аспектіде қарастырылған. Бұл ұғым тұлғалық қасиет (М.И.Дьяченко, А.А.Кандыбович), психологиялық көңіл-күй (А.А.Деркач), қабілеттер жиынтығы (Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн) ретінде сипатталады. Дегенмен, болашақ педагогтың кәсіби міндеттерді шешуге даярлығы – оның қызығушылығы, құзыреттері мен кәсіби қасиеттерінің бірлігін білдіретін кешенді сипаттама.

В.А.Адольф пен Н.Ф.Яковлева мұғалімнің негізгі кәсіби міндеттерін атап көрсетеді: білім алушыны білім беру процесінің белсенді қатысушысы ретінде қабылдау, мазмұнды оқу үдерісін ұйымдастыру, тиімді қарым-қатынас орнату, мектеп ортасын құру, ақпаратпен жұмыс істеу және кәсіби дамуды жүзеге асыру [1].

«Даярлық» ұғымына түрлі көзқарастар бар. Қазақстандық зерттеушілер: С.А.Ұзақбаева – оны ұлттық құндылықтарға негізделген кәсіби даярлық деп сипаттаса, Қ.Т.Аймағамбетова – педагог тұлғасының кәсіби қалыптасу факторы ретінде қарастырады. Ж. Әбенев пен Б.А. Әбдіманапов – теориялық, әдістемелік және тәжірибелік қабілеттер бірлігі ретінде түсіндіреді.

К.М.Дурай-Новакова даярлықты тұлғалық сапалар мен психикалық күйлер жүйесі ретінде сипаттап, оның тұрақты және динамикалық деңгейлерін бөліп көрсетеді. Ю.А.Грачев мотивациялық компоненттің маңызын атап өтеді, алайда түлектердің практикалық дағдылары әлсіз екенін көрсетеді [2].

Ю.А.Грачев өз зерттеуінде болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке даярлығындағы мотивациялық компонент маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Бұл компонент бір жағынан – тұрақты, екінші жағынан – жағдаятқа байланысты көрініс береді. Сонымен қатар, ол жоғары оқу орындары түлектерінің теориялық білімдерінің жеткілікті болғанымен, кәсіби міндеттерді шешуге қажетті практикалық дағдыларының төмендігін баса атап көрсетеді [3].

Болашақ педагогтардың даярлығы үш компоненттен тұрады:

- Теориялық – кәсіби міндеттерді түсіну және ғылыми тәсілдерді меңгеру;
- Практикалық – білімін тәжірибеде қолдану;
- Жеке (тұлғалық) – құндылықтық қатынас пен кәсіби өсуге ұмтылыс [4].

Мұндай даярлықты қалыптастыру үшін ЖОО-да тиімді қарым-қатынас, теория мен практиканы байланыстыру, құндылықтық қатынас пен рефлексивтік дағдыларды дамыту маңызды.

Аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалар – осы мақсатқа жетудің бір жолы. «Тапсырма» ұғымы түрліше түсіндіріледі: ол мақсатқа жетуге бағытталған әрекет (А.Н.Леонтьев) [5], ізденіс нысаны (А.М.Матюшкин) [6], оқушы әрекетін өзгертуге бағытталған оқу бірлігі (Д.Б.Эльконин) [7] ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта педагогика саласында тапсырмаларды түрлі негіздер бойынша жіктеудің кең ауқымы ұсынылған. Солардың бірі – Ю.Н.Кулюткин мен Г.С.Сухобская ұсынған педагогикалық тапсырмалардың жіктелімі. Бұл жіктелімде тапсырмалар олардың мақсаттарына сәйкес келесі түрлерге бөлінеді:

- аналитикалық тапсырмалар – педагогикалық жағдаяттарды талдау, ондағы мәселені анықтау, оның туындауына әсер ететін факторларды белгілеу және ықтимал шешім жолдарын ұсыну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;
- проективтік (немесе конструктивтік) тапсырмалар – қойылған мәселені шешудің жолдарын өз бетінше құрастыру, оқушылардың іс-әрекетінің мазмұны мен формасын ұйымдастыруға арналған жобаны даярлау дағдыларын дамытуға бағытталған;
- ойын тапсырмалары – мұғалім мен оқушылар арасындағы шынайы қарым-қатынас, өзара әрекеттесу және коммуникация процестерін модельдеуге арналған [8].

Негізгі ережелер. Болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге даярлығын қалыптастыруда біз аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды пайдалануды ұсынамыз. Бұл – болашақ мұғалімдердің кәсіби міндеттерді шешу тәжірибесін кеңейтуге, сонымен қатар олардың аналитикалық және рефлексивтік қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу-педагогикалық тапсырмалар болып табылады.

Аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалар мазмұны мен білім алушыға ықпал ету сипатына қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- аудиовизуалдық аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалар – көркем фильмдерді қарап болғаннан кейін олардың мазмұнына талдау жасау арқылы педагогтың кәсіби міндеттерді қалай шешетініне назар аударылады;

- мәтіндік-визуалдық тапсырмалар – көркем-педагогикалық шығармаларды кәсіби тәжірибеге бейімдеу және публицистикалық материалдарды талдау арқылы кәсіби мәселелерді шешу жолдарын меңгеруге бағытталады;

- визуалдық тапсырмалар – болашақ педагогтар ақпараттық-көрнекі құралдарды (сызбалар, суреттер, интеллект-карталар және т.б.) дайындау және талдау арқылы рефлексивтік дағдыларын дамытады.

Аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды орындау барысында болашақ мұғалімдер тиісті аналитикалық және рефлексивтік дағдыларды меңгереді. Бұл дағдылардың тиімді қалыптасуы олардың теориялық білімінің тереңдігіне және кәсіби тапсырмаларды шешуге бағытталған практикалық әрекеттерінің жүйелілігіне байланысты. Егер бұл қабілеттер жоғары деңгейде дамыса, болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді нәтижелі шешу мүмкіндігі артады [9].

Материалдар мен әдістер. Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудегі аналитикалық-рефлексивті тапсырмалардың маңызы зор, өйткені олар рефлексивті, аналитикалық, проблемалық және коммуникативті тәсілдерге негізделеді. Рефлексивті тәсіл педагогтардың өз тәжірибесін талдау арқылы өзін-өзі тану мен жетілуін қамтамасыз етсе, аналитикалық тәсіл оқу процесіндегі педагогикалық жағдайларды жүйелі түрде сараптауға және шешім қабылдауға үйретеді. Проблемалық тәсіл кәсіби қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын іздеуге ынталандырады, ал коммуникативті тәсіл педагогтардың қарым-қатынас дағдыларын дамытып, пікір алмасу арқылы рефлексияны нығайтады. Осы тапсырмаларды орындауда жүйелілік, тұрақтылық, өзіндік әрекет, проблемалық және диалогтық принциптер басшылыққа алынады. Жүйелілік пен тұрақтылық принциптері аналитикалық-рефлексивті тапсырмаларды тұрақты және жүйелі түрде орындауды қамтамасыз етіп, кәсіби құзыреттілікті нығайтады. Өзіндік әрекет принципі педагогтардың белсенділігін арттырып, өз тәжірибесін сараптауға ынталандырады. Проблемалық принцип нақты педагогикалық жағдайларды қарастыруға мүмкіндік береді, ал диалогтық принцип пікір алмасу мен сындарлы кері байланысты қамтамасыз етеді. Осы тәсілдер мен принциптер болашақ педагогтардың кәсіби деңгейін терең және сапалы дамытуға, өз тәжірибесін саналы түрде талдап, жетілдіруге ықпал етеді.

Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудегі аналитикалық-рефлексивті тапсырмалардың маңызын анықтау мақсатында эксперимент жүргізілді. Экспериментке Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-нің Шетел тілдері педагогикалық факультетінің 1 курс студенттері (36 студент) қатысты.

Бұл зерттеуде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында қолданылған әдістер теориялық және практикалық тұрғыда кешенді түрде сипатталады. Біріншіден, теориялық талдау әдісі арқылы «даярлық» және «кәсіби міндеттерді шешуге даярлық» ұғымдарының мазмұны анықталып, олардың құрылымдық компоненттері (білімдік, танымдық, мотивациялық, рефлексивтік және т.б.) талдау беріледі. Бұл ұғымдардың мазмұндық ерекшеліктерін ашу арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы орны анықталады.

Екіншіден, аналитикалық-рефлексивті тапсырмалардың типологиясын жасау әдісі қолданылады. Бұл әдіс арқылы тапсырмалардың түрлері (аудиовизуалды, мәтіндік-визуалды, таза визуалды), мазмұны мен құрылымы жіктеліп, олардың кәсіби дайындыққа әсер ету деңгейі сипатталады.

Үшіншіден, тәжірибелік-әдістемелік талдау әдісі негізінде педагогика курсы аясында қолданылған тапсырмалардың оқу процесіндегі қолдану жолдары қарастырылды. Бұл тапсырмалардың студенттердің аналитикалық ойлауын, кәсіби рефлексиясын дамытудағы тиімділігі нақтыланады.

Сондай-ақ, зерттеу барысында бақылау, салыстыру, мазмұндық талдау сияқты педагогикалық зерттеу әдістері де пайдаланылады. Нәтижесінде аталған әдістер студенттердің тапсырмаларды орындау барысындағы белсенділігі мен кәсіби даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әдістер болашақ мұғалімдерді кәсіби міндеттерді шешуге жан-жақты даярлауға бағытталған тапсырмалардың мазмұндық және қолданбалы жақтарын ғылыми негізде сипаттауға жағдай жасайды.

Нәтижелер. Болашақ педагогтарды кәсіби міндеттерді шешуге даярлау процесінде аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолдану әдістемесі студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытып, нақты педагогикалық жағдайларды шешуде дербес шешім қабылдай білуін мақсат етеді. Біз осының бәрін ескере отырып, аталған әдістемені бірінші курстан бастап кезеңмен оқу процесіне енгізуді көздедік. Мұндағы мақсат: Болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге даярлығын қалыптастыруда аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолданудың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру болып табылады. Төменде кезеңдер барысында орындалған жұмыстардан көрініс беріледі.

Бірінші кезеңде - «Педагогика» пәнінің «Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері» бөлімін оқу барысында семинар сабақтарында студенттерге проблемалық-педагогикалық жағдаяттар бейнеленген көркем фильмдерден көріністер беріледі. Бұл фильмдер студенттердің педагогикалық жағдаяттарды дербес анықтауына, оларға өз көзқарасы мен шешу жолдарын ұсынуына мүмкіндік береді. Талқылау жеке де, шағын топтармен де жүргізілуі мүмкін. Мысалы, «Ұстаз» фильмінің үзінділерін негізге ала отырып, келесі түрлендірілген аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалар ұсынылады:

1. Фильмдегі мұғалімнің немесе оқушының рөліне еніп, «Мен не істер едім?» деген сұраққа жауап дайындаңыз.

2. Фильмде көрініс тапқан 3 негізгі құндылықты (мысалы, әділеттілік, шыдамдылық, жауапкершілік) анықтаңыз.

3. Фильмдегі бір көріністі қазіргі нақты мектеп өмірімен салыстырыңыз (мүмкін болса, өз тәжірибеңізден мысал келтіріңіз).

Ұсынылған проблемалық-педагогикалық жағдаяттар бейнеленген көркем фильмдер нәтижесінде студенттердің педагогикалық жағдаяттарды түсінуі мен талдау жасау дағдылары дамып, кәсіби ойлау қабілетінің бастапқы негізі қаланды. Көркем фильм үзінділерін талдау арқылы студенттер нақты жағдаяттарға эмоциялық және зияткерлік тұрғыдан баға беруге үйренді. Сонымен қатар, олар өз көзқарасын білдіру, кейіпкерлер әрекетін саралау және балама шешімдер ұсыну арқылы рефлексия жасау қабілетін жетілдірді. Бұл тәсіл студенттерді педагогикалық жағдайларды жан-жақты қарастыруға, кәсіби құндылықтарды тануға және болашақ мұғалім ретінде алғашқы шешім қабылдауға баулиды.

Екінші кезеңде - «Педагогика» пәнінің «Біртұтас педагогикалық процестегі тәрбие мен оқыту» бөлімін пәнін оқу барысында студенттер көркем-педагогикалық мәтіндермен, атап айтқанда А.С.Макаренконың «Педагогикалық поэмасымен» танысады. Мұндай мәтіндерді оқу болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың, педагогикалық құндылықтарды түсіну мен талдаудың тиімді әдісі болып табылады.

Студенттер көркем-педагогикалық мәтіндегі жағдаяттарды нақты өмірмен салыстыра отырып, педагогикалық шешім қабылдаудың жолдарын үйренеді. Олар өздерінің ішкі

рефлексиясын қалыптастырып, педагогикалық қателіктерден сабақ алуға дағдыланады. Мәселен, «Педагогикалық поэмада» сипатталған тәрбие әдістерін талдай отырып, студенттер өздерінің болашақ педагогикалық іс-әрекетіне қатысты жаңа көзқарас қалыптастырады. Бұл ретте келесі тапсырмалар ұсынылады:

1. Фрагменттегі оқиға дамуын талдап, қақтығыс қалай өрбігенін сипаттаңыз (Қақтығыс қандай факторлардан туындады? Бұл жағдайды алдын алуға болар ма еді? Қалай?)

2. А.С.Макаренконың орнына өзіңізді қойып, оқиға сәтінде оның атынан ішкі ойларын жазыңыз (ішкі монолог түрінде).

3. Оқиға негізінде шағын кейс жазып, оны бағалаңыз (Қандай педагогикалық қағидалар бұзылды/сақталды? Осы жағдайды басқа педагог қалай шешер еді деп ойлайсыз?)

4. Задоровтың тұлғалық бейнесін талдаңыз: (Оның әрекеттеріне қандай психологиялық және әлеуметтік факторлар әсер етті?, Ол қандай мұғалімді мойындайды деп ойлайсыз? Неліктен?)

5. Фрагмент соңында Макаренко мен Задоров арасында қандай диалог болуы мүмкін деп ойлайсыз? (Оны өз қиялыңызбен жалғастырып жазыңыз. Қалай ойлайсыз, бұл диалог екі тараптың өзара түсінісуіне алып келе ме?) [10].

Көркем-педагогикалық мәтіндермен жұмыс жасау арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтары мен тәрбие процесіне көзқарасы тереңдей түседі. А.С. Макаренконың «Педагогикалық поэмасы» сияқты шығармаларды талдау студенттердің ішкі рефлексиясын қалыптастырып, педагогикалық жағдаяттарға сын көзбен қарау дағдысын дамытты. Олар тәрбие процесінде кездесетін күрделі жағдайларды түсінуге, педагогикалық шешім қабылдау кезінде балама әрекеттерді қарастыруға, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әрекеттерін психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан талдауға машықтанды. Сонымен қатар, студенттер шығармашылық тапсырмалар арқылы өз көзқарасын еркін білдіруге, кәсіби тұрғыда өзіндік пікір қалыптастыруға үйренді.

Болашақ педагогтарды кәсіби міндеттерді шешуге даярлаудың үшінші кезеңінде -«Педагогика» пәнін оқыту барысында студенттер публицистикалық материалдарды талдаумен айналысады. Бұл олардың кәсіби міндеттерді іздеп, шешу тәжірибесін жинақтауға бағытталған.

Ғылыми мақала таңдау барысында ең басты талап – оның өзекті және практикалық мәні болуы. Публицистикалық материалдарды талдау негізіндегі мәтіндік-визуалдық аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларға төмендегі сұрақтар кіреді:

1. Мақала қандай мәселені көтереді? Бұл мәселе қазіргі білім беру жүйесінде қаншалықты маңызды?

2. Мақала құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) ғылыми талаптарға сәйкес келе ме?

3. Автор қарастырған мәселені шешу үшін қандай тәсілдер мен әдістемелік ұсыныстар береді?

4. Мақалада келтірілген дәлелдер мен мысалдар қаншалықты сенімді?

5. Мақалада ұсынылған идеяларды практикада қалай қолданар едіңіз?

6. Сіз бұл мақалада қозғалған мәселе бойынша зерттеу жүргізер ме едіңіз? Қандай бағытта?

Осы кезеңде болашақ педагогтар «Педагогика» пәні аясында ақпараттық көрнекі құралдар (рефлексивті-пиктографиялық тапсырмалар, интеллект-карталар және т.б.) жасайды.

Рефлексивті-пиктографиялық тапсырмалар — бұл Н.Я.Сайгушевтің анықтамасы бойынша, теориялық білімді көрнекі әрі образды түрде қайта өңдеу арқылы студент пен мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттің мәні мен маңыздылығын терең түсінуін қамтамасыз ететін тапсырмалар болып табылады [11]. Мұндай тапсырмалар болашақ педагогтарға мұғалімнің кәсіби әрекетінің мәнін түсінуге, оның құрамдас бөліктерін анықтап, кәсіби міндеттерді шешуге сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде В.Д.Поленовтың «Ауыл мектебі» картинасына негізделген рефлексивті-пиктографиялық тапсырма ұсынылады:

1. Картинадағы көріністі ауызша немесе жазбаша түрде сипаттаңыз.
2. Суретші ауыл мектебіндегі мұғалім мен оқушыларды қалай көрсеткен? Олар қандай көңіл күйде?
3. Бұл суреттен сіз педагогикалық мәдениеттің қай деңгейін байқайсыз – жоғары, орташа немесе төмен? Неге?
4. Картинада қандай оқу әдісі және оқу құралдары бейнеленген? Олар оқыту процесіне қалай әсер етеді деп ойлайсыз?
5. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, мен мынаны түсіндім (анықтадым), осыған ой жүгірттім...



Сурет - В.Д. Поленов «Ауыл мектебі»

Визуалды аналитикалық-рефлексивтік тапсырма ақпараттық-көрнекі құралдарды, атап айтқанда интеллект-картаны құрастыру және талдауға арналған және келесі тапсырмалар мен сұрақтарды қамтиды:

1. «Оқу мотивациясы» тақырыбы бойынша интеллект-карта (ақыл картасы) құрастырыңыз. Картада келесі аспектілер қамтылуы тиіс: (мотивацияның түрлері (ішкі, сыртқы), мотивацияны арттыру әдістері, педагогтың рөлі, қиындықтар мен оларды жеңу жолдары)
2. Интеллект-картаны визуалды элементтермен толықтырыңыз (Әр тармақты символдармен, суреттермен немесе стикерлермен ерекшелендіріңіз. Мысалы: 📖 – білім, 🗣️ – кері байланыс, 🚀 – мотивацияны көтеру тетігі)
3. Сіздің тәжірибеңізде оқу мотивациясын арттырған сәттер болды ма? (Ол қандай жағдай еді?, Қандай әдіс қолданылды?, Бұл әдістің нәтижесін қалай бағалайсыз?)
4. Болашақта оқушылардың мотивациясын қалай көтеруді жоспарлайсыз? (Өз жоспарыңызды нақты мысалмен және дәлелмен сипаттаңыз.)
5. Сізге мотивация беретін педагогикалық әдістер мен тәсілдер қандай? Неге дәл осы әдістер сізге әсер етеді деп ойлайсыз?

Публицистикалық мәтіндер мен көркем көрнекіліктерді талдау арқылы болашақ педагогтарда кәсіби міндеттерді шешу дағдылары тереңдей түсті. Сонымен қатар, интеллект-карта мен рефлексивті-пиктографиялық тапсырмаларды орындау студенттердің визуалды, символикалық және мазмұндық талдау дағдыларын қалыптастырды. Бұл кезеңнің нәтижесінде студенттер тек педагогикалық ақпаратты қабылдаушы емес, сонымен қатар оны талдаушы, өз тәжірибесімен байланыстыра алатын кәсіби тұлға ретінде қалыптаса бастады.

Талқылау. Студенттердің бастапқы кәсіби даярлық деңгейі төменде ұсынылған өлшемдер бойынша тексерілді:

1. Педагогикалық жағдаяттарды шешу қабілеті – нақты педагогикалық жағдайларда тиімді шешім қабылдау және кәсіби мінез-құлық үлгілерін көрсете білу деңгейі.


2. Рефлексия деңгейі – өз оқу тәжірибесін талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай алу, әрі кәсіби дамуға бағытталған өзін-өзі бағалау қабілеті.

3. Кәсіби қызығушылық – педагогикалық қызметке деген мотивация мен ынта, болашақ мамандыққа деген қызығушылықтың қалыптасу деңгейі.

Аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолданға дейін және қолданылғаннан кейінгі нәтижелер талданды. Алынған нәтижелер 1-кестеде және 1- суретте көрініс алады.

Кесте 1 – Эксперимент тобы студенттердің кәсіби міндеттерді шешуге даярлық деңгейі (36 студент)

Өлшемдер	Басы	Соңы
Кәсіби қызығушылық деңгейі	56%	84%
Рефлексия жасау қабілеті	42%	79%
Педагогикалық жағдаяттарды шешу біліктілігі	48%	82%



Сурет 1 - Эксперимент тобы студенттердің кәсіби міндеттерді шешуге даярлық деңгейі (36 студент)

1 кесте мен 1 суреттегі көрініс эксперимент тобы студенттерінің кәсіби қызығушылығының айтарлықтай өскенін байқатады (56%-дан 84%-ға дейін), яғни студенттердің педагогикаға деген ынтасы-ықыласы мен мамандыққа деген құлшынысы елеулі деңгейде артқан. Рефлексия жасау қабілеті де маңызды түрде жақсарған, 42 %-дан 79%-ға дейін ұлғайып, студенттердің өз оқу процесін саналы түрде бағалау және талдау дағдыларының нығайғанын көрсетеді. Сонымен қатар, педагогикалық жағдаяттарды шешу біліктілігі де 48 %-дан 82 %-ға дейін жоғарылаған, бұл олардың кәсіби жағдайларда тиімді шешім қабылдау қабілеттерінің едәуір дамығанын дәлелдейді.

Бұл нәтижелер аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалардың болашақ педагогтардың кәсіби ойлауын жетілдіруге, педагогикалық жағдаяттарды талдау мен шешуге бейімділігін арттыруға үлкен ықпал ететінін растайды. Эксперимент тобы студенттерінің педагогикалық құндылықтарды тереңірек түсініп, оқыту әдістерін саналы түрде таңдауға қабілетті болып, жауапкершілік деңгейі мен өзін-өзі бағалау да айтарлықтай артқан. Сондықтан, жүргізілген эксперимент бұл тапсырмалардың теориялық білімді практикалық жағдаймен ұштастырып, кәсіби рефлексия мен шығармашылық қабілетті дамытудағы жоғары тиімділігін көрсетті және болашақта оларды оқу процесіне жүйелі енгізу қажеттігін негіздейді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, болашақ педагогтардың кәсіби міндеттерді шешуге дайындық деңгейін арттыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолдану әдістемесі – студенттердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен бірге педагогикалық тәжірибе жағдайында өз ойларын жүйелі түрде талдап, сындарлы бағалай білу қабілеттерін қалыптастыратын тиімді тәсіл. Осы әдістемені кезең-кезеңімен енгізу оқу процесінің мазмұны мен

сапасын арттырып, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, аналитикалық-рефлексивтік тапсырмалар студенттердің педагогикалық құбылыстарға деген қызығушылығын оятып, олардың педагогикалық ой-өрісін кеңейтеді, сын тұрғысынан ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытады. Студенттер өздерінің педагогикалық іс-әрекеттерін бағалай білуге, өз тәжірибесінен қателіктерді анықтап, олардан сабақ алуға үйренеді. Бұл педагогтардың жеке кәсіби стилін қалыптастыруға және білім беру процесінде кездесетін қиындықтарды тиімді шешуге көмектеседі.

Сонымен қатар, аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолдану арқылы студенттер педагогикалық жағдаяттарды жан-жақты талдап, олардың шешу жолдарын іздеуде терең түсінік қалыптастырады. Мысалы, көркем және публицистикалық мәтіндерді, аудиовизуалдық материалдарды пайдалану студенттерге нақты педагогикалық жағдаяттарды сезінуге және тәжірибеге көшіруге мүмкіндік береді. Бұл олардың кәсіби шеберлігін арттырып, болашақта кәсіби ортада туындайтын күрделі мәселелерге жан-жақты дайын болуын қамтамасыз етеді.

Оқу процесінде аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды жүйелі түрде пайдалану педагогикалық білімнің практикалық бағыттылығын күшейтеді. Бұл студенттердің білімді тек қабылдап қоймай, оны өз кәсіби әрекетінде тиімді пайдалана алу қабілеттерін арттырады. Сонымен бірге, бұл әдіс студенттердің кәсіби этика мен педагогикалық құндылықтарды терең меңгеруіне септігін тигізеді.

Аналитикалық-рефлексивтік тапсырмаларды қолдану болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жоғары деңгейге көтеруге бағытталған кешенді процесс екенін айта кету керек. Ол педагогикалық білім беру сапасын арттырудың, студенттердің кәсіби өсуіне және олардың педагогикалық әрекетінде табысты болуына ықпал ететін тиімді әдістердің бірі болып табылады. Сондықтан жоғары оқу орындары мен педагогикалық оқу бағдарламалары осы әдістемені жан-жақты зерттеп, оны оқу процесіне кеңінен енгізуді жалғастыруы қажет.

Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудегі аналитикалық-рефлексивті тапсырмалардың маңызын талдай келе, төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Болашақ педагогтардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру үшін оқу процесінде аналитикалық-рефлексивті тапсырмаларды жүйелі енгізу қажет, оның ішінде аудиовизуалды, мәтіндік-визуалды және визуалды форматтардағы тапсырмалар қолданылуы тиіс.

2. Тапсырмаларды әртүрлі форматта ұсыну арқылы студенттердің аналитикалық ойлау және рефлексия дағдыларын жан-жақты дамытуға басымдық беру маңызды.

3. Кәсіби жағдаяттарды модельдеу, симуляциялық және рөлдік ойындар арқылы тәжірибелік дағдыларды жетілдіру маңызды.

4. Тапсырмаларды бағалауда формативті әдістерді қолдану арқылы студенттердің жеке ойлауын дамыту және жауапкершілігін арттыру қажет.

5. Студенттердің кәсіби өсуін бақылау үшін аналитикалық-рефлексивті жұмыстарды жинақтайтын портфолио жүргізуді енгізу тиімді.

6. Рефлексия мәдениетін қалыптастыру арқылы студенттердің өз оқу процесін үнемі бағалап, кәсіби тұлға ретінде дамуына қолдау көрсету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адольф В.А. Яковлева Н.Ф. *Профессиональные задачи как целевой вектор реализации компетентностного подхода в образовании // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. — 2016. — № 1(35). — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnye-zadachi-kak-tselevoy-vektorrealizatsii-kompetentnostnogo-podhoda-v-obrazovanii> (дата обращения: 28.11.2024).*

2. Дурай-Новакова К.М. *Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: дис. ... докт. пед. наук. - М., 1983. — 356 с.*

3. Грачев Ю.А. *Понятие «Готовности к деятельности» в системе современного психолого-педагогического знания // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. — 2011. — № — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-gotovnosti-k-deyatelnosti-v-sistememovremennogo-psihologo-pedagogicheskogo-znaniya> (дата обращения: 26.11.2024).*

4. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М.: Академия, 2000. – 174 с.
5. Леонтьев, А.Н. Деятельность, сознание, личность: учебное пособие. – Москва: Издательство политической литературы, 1975. – 304 с.
6. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. — М.: Педагогика, 1972. — 235 с.
7. Эльконин, Д.Б. Психология обучения младшего школьника. — М.: Знание, 1974. — 63 с.
8. Моделирование педагогических ситуаций: Проблемы повышения качества и эффективности общепедагогической подготовки учителя /Подред. Ю.Н.Кулюткина, Г.С. Сухобской.-М.:Педагогика,1981.-120 с.
9. Хурыз З.М. Теоретические основы процесса формирования аналитико-рефлексивных умений будущих педагогов // Концепт. — 2014. — № 6. — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-protsessy-formirovaniya-analitiko-refleksivnyh-umeniy-buduschih-pedagogov> (дата обращения: 30.11.2024).
10. Макаренко, А.С. Педагогическая поэма / Худ. А. Слепков. — М.: Дет. лит., 1986. — 622 с.
11. Сайгушев, Н.Я. Сушностно-содержательная модель рефлексивного управления профессионального становления будущего учителя: монография. — СПб.: Образование-Культура, 2001. — 149 с.

Reference:

1. Adolf V.A. Yakovleva N.F. Professionalnye zadachi kak tselevoi vektor realizatsii kompetentnogo podhoda v obrazovanii // Vestnik KGPU im. V.P. Astafeva. — 2016. — № 1(35). — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnye-zadachi-kak-tselevoi-vektorrealizatsii-kompetentnogo-podhoda-v-obrazovanii> (дата обращения: 28.11.2024).
2. Durai-Novakova K.M. Formirovanie professionalnoi gotovnosti studentov k pedagogicheskoi deyatel'nosti: dis. ... dokt. ped.nauk. - M., 1983. — 356 s.
3. Grachev YU.A. Ponyatie «Gotovnosti k deyatel'nosti» v sisteme sovremennogo psihologo-pedagogicheskogo znaniya // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta MVD Rossii. — 2011. — № — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-gotovnosti-k-deyatelnosti-v-sistemeh-sovremennogo-psihologo-pedagogicheskogo-znaniya> (дата обращения: 26.11.2024).
4. Kodjaspirova G.M., Kodjaspirov A.Yu. Pedagogicheskii slovar. — М.: Академия, 2000. — 174 с.
5. Leontev, A.N. Deyatel'nost, soznanie, lichnost: uchebnoe posobie. — Moskva: Izdatel'stvo politicheskoi literatury, 1975. — 304 s.
6. Matyushkin A.M. Problemye situatsii v myshlenii i obuchenii. — М.: Pedagogika, 1972. — 235 s.
7. Elkonin, D.B. Psihologiya obucheniya mladshogo shkol'nika. — М.: Znanie, 1974. — 63 s.
8. Modelirovanie pedagogicheskikh situatsii: Problemy povysheniya kachestva i effektivnosti obshchepedagogicheskoi podgotovki uchitelya/Pod red. YU.N.Kulyutkina, G.S. Suhobskoi. — М.:Pedagogika, 1981. — 120 s.
9. Hutyz Z.M. Teoreticheskie osnovy protsessy formirovaniya analitiko-refleksivnykh umenii buduuqih pedagogov //Konsept. — 2014. — № 6. — URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-protsessy-formirovaniya-analitiko-refleksivnyh-umeniy-buduschih-pedagogov> (дата обращения: 30.11.2024).
10. Makarenko, A.S. Pedagogicheskaya poema / Hud. A. Slepков. — М.: Det. lit., 1986. — 622 s.
11. Saiguşev, N.Ya. Suşnostno-soderjatel'naya model refleksivnogo upravleniya professionalnogo stanovleniya buduuşego uchitelya: monografiya. — SPb.: Obrazovanie-Kultura, 2001. — 149 s.